

# ЖЫЗЫЛ ЭТУ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының председателі Қазақбаев жолдасқа  
Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің председателі Оңдасынов жолдасқа  
Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретарі Скворцов жолдасқа

«Қазақстан колхозшысы» өнеркәсіп орындарының жүмысшылары үшін 732 мың 287 танк колоннасын жасауға пуд астық, 82 мың пуд күріш және 889 пуд басқа ауыл шаруашылық продуктары жыйнап Қызыл Армия қорына және тапсырған Қазақстан Советтік

Социалистік Республикасының колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне менің туысқандық сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын тапсырыңыз.  
И. СТАЛИН.

КК(б)П облыстық және қалалық комитеттерінің, еңбекшілер депутаттарының Павлодар облыстық советінің органы.  
1943 жыл 11 январь, Дүйсенбі, № 5 (1121)  
Шыға бастағанына 6-жыл. Және саны 15 тыйын.

## Тракторлар көктемге көңілдегідей әзірленсін

Партия мен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығын қазіргі заманның озат техникасымен мұқабалай қаруландырды. Облысымыздың қолтса, совхоз даласында жүздеген трактор тағы басқада күрделі машиналар істейді. Қазіргі отан соғысының мүдделерінен туатын міндеттерді орындауға, өлімсізді майданды астықпен қамтамасыз етуде, егіс көлемін ұлғайтып онан мол өнім алуда техника оның ішінде трактор шешуші роль атқарады.

Демек, тракторларды тегіс, барынша өнімді пайдалану қажет. Ол үшін оларды күні бүрғы сақалдай сай өтіп ремонттау керек. Әрбір трактор жауға аттанатын танктей көктем өгісіне әзір болсын. Міне облысымыздағы МТС, совхоз басшыларының ең жауапты міндеті осы.

Жауапшылықты осылай ұққан жерде ғана ұйымдастыру басшылық ісі осы талапқа сай болған жерде ғана жұмыс ойдағыдай жүргізіледі. Трактор паркін өсіне толық әзір ету міндеті қамтамасыз етіледі.

Коминтерн, Лозов, Павлодар МТС тарының коллективі өз міндеттерін осылай ұқты. Буларда запас бөлшектер әзірлеу, өсіргенін жаңарту жаадан басталып күні бүрғы жүрді. Мәстерлік толық жабықты алды. Көктем алғашқы күннен бастап ең белгіленген график бойынша жүргізілді. Жұмыс тәулк бойына үш сменмен ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде I квартал трактор ремонттың планы коминтерн МТС нда 200 процент, Лозов МТС нда 152 процент Павлодар МТС нда 103 процент болып орындалды.

Дегенмен трактор ремонттың қазіргі жағдайына қарағанда жоғалып қалған трактор мен совхоздардың бір сыпыра басшылары бұл аса маңызды мәселеге жете мен бермей отырғандығын көрсетеді. Облыс бойынша МТС тарда IV квартал трактор ремонттың планын 71 процент орындады, ал IV кварталда бір совхоз трактор ремонттың планын орындай алмады. Әсіресе IV кварталда 24 трактордан 5 трактор ғана ремонттап отырған Долон МТС, 28 трактордан 4 трактор ғана ремонттап отырған Хабыков МТС басшылары Дубино, Солонко, Шорский, Ақтанов жолдасстар өздерінің бұл қимдылары үшін жауап беруге тиіс.

Алдыңмен әрбір МТС тар, МТМ да совхозда ремонт бригадасының және ұездардың осы тарапын іріктеп алып, толықтыру керек. Әрбір трактористі өз басқаратын тракторды ремонттауға қатыстыру міндет.

Өткен жылдағыдай астық бөлшектерді сирттан күту, нашар бөлшектерді еңдмей пайдалану салу сияқты сындық едік. Еңдік берілмесін. Ремонттың сапасында еренше көңіл бөлінісін.

Был ауыл шаруашылық тіркеу саймандары МТС тардың өздерінде ремонтталатын болғандықтан олардың ремонтты ұйымдасқан түрде өткізілетін болсын. МТС қамтуындағы колхоз ұсталарының барлығы осы іске жұмылдырылу керек.

Сіздің тарихи баяндамаңызбен, бұйрығыңызбен рухтанған Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, қазір майданның негізгі учаскелерінде тамаша шабуыл жасап бара жатқан ержүрек Қызыл Армиямызға, мейлінше көмектесуге ұмтылуда. Тамбов колхозшыларының патриоттық ісі туралы қуанышты хабар Қазақстанның ұлан байтақ кең даласын, ең қыйырдағы ауылдар мен селоларға дейін таралы. Қазақ республикасының колхозшылары мен колхозшы әйелдері отанына, ержүрек Қызыл Армиямызға өздерінің шексіз сүйіспеншілігін білдіріп, «Қазақстан колхозшысы» атты қуатты танктар колоннасын жасауға қаржы жыйнауды кең өрістетті. Қалың қарлы тау асуларымен, Қазақстанның ұшы қыйыры жоқ кең даласымен аттылы және түйелі жүздеген, мыңдаған адамдар өздерінің еңбекпен тапқан қаржысын танк колоннасын жасау қорына арнап мемлекеттік банк бөлімдеріне өз қолдарымен тапсыру үшін аудан орталықтарына қарай ағылды. Кейбір аудандарда адамдар қатты аяздарда 400-600 километр жол жүріп келді. Олар 8-9 күн бойына жолда болды. Өздерінің отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге ұмтылған совет патриоттарын қыстың аязыда, бораныда тоқта та алмады. Патриоттық күшті қозғалысқа республикамыздың неше жүз мыңдаған колхозшылары мен колхозшы әйелдері қатынасты. 1943 жылғы 3 январьға дейін «Қазақстан колхозшысы» танктар колоннасын жасау қорына арнап, мемлекеттік банкке 270 миллион 685 мың сом тапсырылды. Бұл республикамыздың колхозшыларының 1942 жылғы соғыс заеміне жазылған сомасынан екі еседен артық асып түсті.

Облыстардың тапсырғаны:

Алматы облысы—	31 миллион 700 мың сом;
Оңтүстік-Қазақстан	31 миллион 698 мың сом;
Батыс Қазақстан—	31 миллион сом;
Қостанай—	21 миллион 100 мың сом;
Солтүстік-Қазақстан—	19 миллион 35 мың сом;
Семей—	18 миллион 470 мың сом;
Қарағанды—	17 миллион 668 мың сом;
Жамбыл—	16 миллион 29 мың сом;
Павлодар—	15 миллион 305 мың сом;
Шығыс-Қазақстан—	15 миллион 76 мың сом;
Гурьев—	14 миллион 532 мың сом;
Қызылорда—	13 миллион 547 мың сом;
Ақмола—	13 миллион 170 мың сом;
Ақтөбе—	12 миллион 355 мың сом;

Мұның үстіне Қазақстанның колхозшылары мен колхозшы әйелдері мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындағаннан кейін, Қызыл Армия қорына және өнеркәсіп жұмысшыларын тамақтандыру ісін оңдауға арнап, өздерінің артық астықтарынан 732 мың 287 пуд астық, 82 мың пуд күріш, 33 мың 889 пуд басқа ауыл шаруашылық продуктары (ет, май, омыс, картоф) тапсырды. Қаржы, астық және басқа ауыл шаруашылық продуктарымен әлі жыйнауда.

Отан қорғау ісіне өздерінің еңбекпен тапқан қаржысын берген Қазақстанның алдыңғы қатарлы адамдарының патриоттық ісін совет халқы ешуақытта ұмытпайды.

Олардың ішінде: Бекенбаев Оразбай—Қаратал ауданындағы «Қызыл булак» колхозының председателі—300 мың сом тапсырды; Қозыбаев Тлие—Мендіғара ауданындағы «Жана тұрмыс» колхозының председателі—190 мың сом; Верешенко Яков Иванович—Мендіғара ауданындағы «Красный повстанец» колхозының председателі—180 мың сом;

Байжанов—Обаған ауданындағы «Совет коммунистов» колхозының трактористі 175 мың сом; Исакаев Көделі—Теніз ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың председателі—175 мың сом; Беласаров—Шаян ауданындағы «Ақ қыстау» колхозының председателі—167 мың сом; Оңдасынов Биктай—Шаян ауданындағы «Қушсақ тас» колхозының председателі—166 мың сом; Жүсіпов Әбдікерім—Түркістан ауданындағы «Бірлік» колхозының председателі—165 мың сом; Елеусінов Досан—Сырдария ауданындағы «Казрис» колхозының председателі—150 мың сом; Турғанов—Степной ауданындағы «Қызыл сай» колхозының председателі—150 мың сом; Хан Леонти—Шиелі ауданындағы «Гигант» колхозының председателі—150 мың сом; Курмашев—Новобогатинск ауданындағы «Қызыл балық» колхозының председателі—150 мың сом; Керейбаев Дүйсенбі—Терекөзек ауданындағы «Қызыл дихан» колхозының звановой—145 мың сом; Абдрахманов Айдабосын—Алматы ауданындағы «Қара-

су» колхозының председателі—123 мың сом; Гранов Григорий Павлодар—Іле ауданындағы Карл Маркс атындағы ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы—120 мың сом;

Балғабаев Жумакеді—Аякөз ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың председателі—120 мың сом; Шин Хен Мун—Қаратал ауданындағы «Дални восток» колхозының председателі—120 мың сом; Хан Монфир—Қаратал ауданындағы «Осо» колхозының председателі—115 мың сом; Әлімбаев—Пахтарал ауданындағы «Соцкурылыс» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы—115 мың сом; Жүндібаев—Сарыағаш ауданындағы «Алғабас» колхозының председателі—112 мың сом; Нұрымбетов Үсен—Ақтөбе облысындағы Тамір астау ауыл советінің председателі—110 мың сом; Волоков Ерғош—Келес ауданындағы «Қоңыр төбе» колхозының председателі—107 мың сом; Ким Ман Сам—Шиелі ауданындағы «Авангард» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы—105 мың сом; Примов Қошақбай—Қазалы ауданындағы «Қызыл ту» колхозының председателі—100 мың сом; Матвеева Анна Васильевна—Алматы ауданындағы «Луч востока» колхозының құс фермасының бастығы—100 мың сом;

Горбов Леонти Михайлович—Зеленовск ауданындағы Шаған ХТС ның комбайнері—100 мың сом; Санжанов Әбдібек—Сарқанд ауданындағы «Энергия» колхозының қойшысы—100 мың сом;

Өксеменов Алшын—Ырғыз ауданындағы «Арал» колхозының председателі 100 мың сом; Волоитников Андрей Андреевич—Іле ауданындағы «Заря коммунизма» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы—100 мың сом;

Иванов Елисей Петрович—Шілік ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың председателі—100 мың сом; Наурызбаев Ескайыр—Гурьев облысының «Ракуша» колхозының председателі—100 мың сом; Қалымбетов—Сарыағаш ауданындағы «Дарбата» совхозының бас қойшысы—100 мың сом;

Теплековтар семьясы—Мамлут ауданындағы «Путь октябрь» және «Вилымыс» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары—100 мың сом;

Орынбетов Молдакерім—Іле ауданындағы «Қазақстан правдасы» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы 100 мың сом;

Головатский Николай Никитич—Панфилов ауданындағы «Красный восток» колхозының председателі—100 мың сом; Жораев Әкбер—Келес ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың председателі—100 мың сом;

Турғулаков Бәйкен Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Жамбыл атындағы ауыл шаруашылық артелінің бұрынғы мүшесі, қазір райзагот живсырьенің қызметкері—100 мың сом.

Қазақстанның басқада осындай көптеген алдыңғы қатарлы адамдарын, отанымыздың даңқты патриоттарын, адал ұлдары мен қыздарын халқымыз ұмытпайды.

«Қазақстан колхозшысы» танк колонналарын жасауға қаржы жыйнаумен қатар, республикамызда «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургия», «Қазақстан мұнайшысы», «Совхоз қызметкері», «Түркібишіл» танктар колоннасын және «Қазақстан комсомолы» авиация эскадрильясын жасауға қаржы жыйнау кең өріс алды.

Танк колонналарын жасауға қаржы жыйнау Қазақстан еңбекшілерінің ұлы отанымызға, өздерінің көсемі, досы және қолбасшысы Сталин жолдасқа шексіз шын берілгендігінің айқын бейнесі болып отыр.

Қымбатты Иосиф Виссарионович! Қазақстан майданның сенімді тірегі, ұлы отан соғысының таусылмайтын қазынасы болып келді, болып отыр, және келешектеде болмақ. Айбынды Қызыл Армиямыздың неміс-фашист басқыншыларды бір жолата талқандап, жоятын күнін тез жақындатуына көмектесу үшін республикамыздың еңбекшілері барлық күшін аямай жұмсауға қандай шығыннан болсада тартынбауға даяр.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі АБДИСАМАТ ҚАЗАҚБАЕВ.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі НУРТАС ОҢДАСЫНОВ.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің Секретарі НИКОЛАЙ СКВОРЦОВ.

